

3. Талдамалық жазба

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) ережеге сәйкес қоршаған ортаны қорғау, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг, «жасыл экономиканы» дамыту, қалдықтармен жұмыс істеу (медициналық, биологиялық және радиоактивті қалдықтарды қоспағанда), табиғи ресурстарды қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларында (бұдан әрі – реттелетін салалар) мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, басқару процестерін үйлестіру салаларында басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің миссиясы қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны, су және биологиялық ресурстарды сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералды-шикізат базасын молықтыру, су, орман, балық және аң шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды орнықты дамыту, Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету болып табылады.

Министрліктің қызметі Министрліктің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарының шеңберінде іске асырылды.

Министрліктің даму жоспары «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 13 қаңтардағы №11-Ө бұйрығымен бекітілді.

Министрліктің даму жоспарына 3 рет:

- «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 13 қаңтардағы №11-Ө бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2022 жылғы 10 маусымдағы №213-Ө бұйрығымен;

- «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 13 қаңтардағы №11-Ө бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №773-Ө бұйрығымен;

- «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар

министрінің 2020 жылғы 13 қаңтардағы №11-Ө бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2023 жылғы 17 қаңтардағы №10-Ө бұйрығымен өзгерістер енгізілді.

Министрліктің даму жоспарының іске асыру туралы есеп Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, саланы/аяны дамыту тұжырымдамасын, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемеге сәйкес әзірленді.

Министрліктің 2022 жылға арналған даму жоспарында 3 стратегиялық бағыт және 4 мақсат, олардың шеңберінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша 31 нысаналы индикатор (НИ) көзделген.

31 НИ-да **6 макроиндикатор** бар, олардың ішінде 1 - **орындалды**, 1 – **орындалған жоқ**. 4 қол жеткізу бойынша есеп 2023 жылғы сәуір-тамыз аралығында қалыптастырылатын болады.

1) «**Тұрғындардың тұрмыстың экологиялық сапасына қанағаттану деңгейі, (республика бойынша)**» макроиндикаторы 2022 жылдың қорытындысы бойынша 56,7% құрады, жоспар бойынша 68% (2021ж. – 54,9%).

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасымен жүргізілетін әлеуметтік сауалнаманың нысанында жауап алушының «теріс» жауабының факторлары мен себептерін ашатын қосымша (терең) сұрақтар көзделмеген, Министрлік қорытынды жасау және оларды жою немесе азайту бойынша тиісті жұмысты жүргізу үшін себептер жоқ.

Яғни, көрсеткішті есептеу әдістемесі Министрліктің жұмысын динамикада толық бағаламайды, өйткені сауалнама тек түпкілікті нәтижеге қызығушылық танытатын халықтың пікіріне бағытталған.

Осыған байланысты, көрсеткішті қайта қарап, қажет болған жағдайда оны ауыстырған жөн деп санаймыз.

Макроиндикаторға қол жеткізілмеді.

2) «**Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға инвестициялар (жекелеген қызмет түрлері бойынша)**» макроиндикаторы 2022 жылдың қорытындысы бойынша 206,5 млрд.теңге құрады, жоспар – 100 млрд.теңге (2021ж. - 90,1 млрд.теңге).

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агентігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша көрсеткіштердің орындалуы 206,5 млрд. теңге құрайды.

Макроиндикаторға қол жеткізілді.

3) «**Геологиялық барлауға инвестициялар**» макроиндикаторы (жоспар – 186 млрд.теңге) жер қойнауын пайдаланушылардың мерзімді есептерінің деректері бойынша қалыптастырылады. «Жер қойнауын пайдаланушылардың

қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы №374 бұйрыққа сәйкес өткен жылғы орындалған жұмыстар бойынша кезеңдік есептер Геология комитетінің өңіраралық департаменттеріне 30 сәуірге дейін тапсырылады.

Ақпаратты түпкілікті жинақтау ағымдағы жылғы маусым айының басында жүзеге асырылады.

4) **«Еңбек өнімділігінің өсуі, 2019 жылғы деңгейден 2019 жылдың бағасында өсу %-ы: «Орман және балық шаруашылығы» макроиндикаторы** (жоспар – 33,5%) ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің төрағасы және ҚР Ұлттық экономика министрі бекіткен «2025 жылға дейінгі стратегиялық көрсеткіштер картасының қолданылатын деректер көздерін бекіту туралы» 2021 жылғы 25 қарашадағы № 340 бірлескен бұйрығына сәйкес есеп республика бойынша және салалар бойынша – тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 95-күні, **жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі 215-күні**; өңірлер бөлінісінде – тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 120-күні, жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі 240-күні ұсынылады.

5) **«Негізгі капиталға инвестициялар, ЖІӨ-ден % «Орман және балық шаруашылығы» макроиндикаторы** (жоспар – 19,7%) ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы және ҚР Ұлттық экономика министрі бекіткен «2025 жылға дейінгі стратегиялық көрсеткіштер картасының қолданылатын деректер көздерін бекіту туралы» 2021 жылғы 25 қарашадағы № 340 бірлескен бұйрығына сәйкес есеп **жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі тамыз айында** ұсынылады.

6) **«Магистральдық және тарату каналдарындағы су ысырабын азайту (каналдардың пайдалы әсер коэффициенті)» макроиндикаторы** (жоспар – 0,81%) № 2-ТП (Су шаруашылығы) жылдық «Суды алу, пайдалану және су бұру туралы есеп» нысаны. Осы есепті қалыптастыру мерзімі – **2023 жылғы сәуір**.

2022 жылы **25 НИ** қол жеткізу қарастырылған.

I. «Қоршаған орта сапасын жақсарту» стратегиялық бағыты бойынша 13 нысаналы индикаторлардың 12 орындалды, 1 НИ - орындалмады.

II. «Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерделенуін арттыру және минералдық-шикізат кешенін толықтыру» стратегиялық бағыты бойынша 1 нысаналы индикатордың 1 орындалды;

III. «Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, су ресурстарын және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, молайтуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету» стратегиялық бағыты бойынша 11 нысаналы индикатордың 8 орындалды, 1 НИ бойынша жоспарлы мән

қарастырылмаған, 2 НИ – орындалмады.

ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ИНДИКАТОРЛАР БОЙЫНША

1-стратегиялық бағыт. Қоршаған орта сапасын жақсарту

1.1-мақсат. «Жасыл экономикаға» көшу үшін жағдайлар жасау

«Нормативтік ластаушы заттардың көлемі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша шығарындылар бойынша 4,2 млн. тоннаны құрады, жоспар бойынша 4,49 млн. тонна (2021ж. - 4,3 млн. тонна), төгінділер бойынша 2,3 млн. тонна, жоспар бойынша 2,49 млн. тонна (2021ж. - 2,49 млн. тонна).

Республика бойынша қоршаған ортаның ластануына негізгі үлесті-металлургия кешені, жылу энергетикасы және мұнай-газ секторлары, өнеркәсіптің тау-кен өндіру және тау-кен өңдеу салалары кәсіпорындары бар өңірлер қосуда.

Ластаушы заттардың шығарындылары бойынша ең негізгі көлем Павлодар, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау және Шығыс Қазақстан облыстарының, ластаушы заттардың төгінділері бойынша Қарағанды, Қостанай, Алматы, Түркістан облыстарының аумақтарында қалыптасты.

Бұл аталған өңірлерде өнеркәсіп кәсіпорындарының көп шоғырлануына, ал Астана мен Алматы қалаларында – автокөлік шығарындылары, ЖЭО және жеке секторды жылытуға байланысты.

Өнеркәсіп әлеуетін дамыту республика экологияға жүктемемен тікелей өзара байланысты, оның нәтижесі қоршаған ортаға эмиссиялардың ұлғаюы болып табылады.

Министрлікпен меморандумдарға қол қойылды, іс-шаралар жоспарлары бекітілді, эмиссиялар көлемін азайту мәселесі бойынша кеңестер өткізілді. Мәселен, өндірістің ерекшелігіне байланысты жобаларды қарау кезінде ластаушы заттардың шығарындыларын азайту, ілеспе газды кәдеге жарату, бұзылған жерлерді рекультивациялау, өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жаратудың баламалы әдістері, соңғы 2-3 жылдағы жабдықтың нақты максималды жүктемесін ескере отырып, жобада белгіленген көрсеткіштер шегінде жаңа технологияларды қолдану жөніндегі іс-шараларды іске асыру ұсынылады.

Анықтама: 2023 жылы келесі компаниялар (АрселорМиттал Теміртау АҚ, Павлодар мұнай-химия зауыты ЖШС, Қарағанда Энергоцентр ЖШС, «Атырау МӨЗ» АҚ, «ПКОП» ЖШС, «Астана-Энергия» АҚ, «АЛЭС» АҚ) бойынша төмендетілді.

Экологиялық қауіпсіздікке кепілдік беретін, шаруашылық қызметтің тұрақты дамуы жағдайында табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруды қамтамасыз ететін әсер етудің жол берілетін шекті нормаларын белгілеу мақсатында экологиялық нормалау жүргізіледі. Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер нормативтік-белгіленген болып табылады.

Лимиттер асырылмаған.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«1990 жылға қарағанда парниктік газдар шығарындыларының шекті көлемі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша 92,02% құрады, жоспар бойынша 93%.

Осы индикаторға қол жеткізу үшін 1990 жылдан бастап есепті жылға дейінгі ПГ-ның антропогендік шығарындыларының кадастры және сіңірілуі туралы ұлттық баяндамадан (КҰБ) БҰҰ БҒК ережелері мен шешімдеріне сәйкес әзірленетін ЖФЕ кестелерімен есепті деректер қажет. БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы тараптары конференциясының 1995 жылғы 2 маусымдағы № FCCC/CP/1995/7/Add.1 шешіміне сәйкес деректер жыл сайын екі жыл бұрынғы ауысыммен ұсынылады. Осылайша, 2022 жылы 1990-2020 жж. бойынша деректер ұсынылды.

Парниктік газдарды түгендеу нәтижелері бойынша 1990-2020 жж. ЖПЖПӨОШ (Жер пайдалану, жер пайдаланудағы өзгеріс және орман шаруашылығы) секторын ескере отырып, Қазақстаннан шығарындылар 1990 жылы **381,694** млн.т $\text{CO}_{2\text{экв}}$ және 2020 жылы **351,244** млн.т $\text{CO}_{2\text{экв}}$ құрады. 2020 жылы шығарындылар деңгейі 1990 жылғы эмиссияның **92,02%**-на жетті.

Осы индикатордың сандық мәндеріне қол жеткізу үшін ҚҰБ деректері толық болуы және парниктік газдар шығарындыларына әкеп соғатын Қазақстандағы экономикалық қызметтің барлық түрлерін қамтуы тиіс. Сондықтан елдегі парниктік газдар шығарындыларының барлық көздері бойынша өндіріс көлемі туралы ақпарат беруді қамтамасыз ету қажет. Кейбір секторларда статистикалық мәліметтер толық болмауы мүмкін. Сондықтан есептеулердің 3 деңгейіне біртіндеп көшу, кәсіпорынға тән қызмет және ПГ шығарындыларының коэффициенттері туралы мәліметтер алу қажет. Кадастрларды жақсарту бойынша қойылған міндеттерді орындау үшін қызмет туралы сапалы және уақтылы деректерді ұсыну бойынша өндірушілердің хабардарлығы мен жауапкершілігін арттыру қажет.

Бұдан басқа, осы индикаторға қол жеткізу үшін парниктік газдар шығарындыларын азайтудың енгізілген ішкі нарықтық тетігін тұрақты сүйемелдеуді қамтамасыз ету қажет. Қазақстан Республикасында парниктік газдар шығарындыларының сауда жүйесін іске асыруды сүйемелдеу парниктік газдар шығарындылары бойынша халықаралық міндеттемелерді ескере отырып, парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу арқылы реттелетін парниктік газдар шығарындыларын, атап айтқанда экономиканың квоталанатын секторларындағы көмірқышқыл газын шектеуге/қысқартуға бағытталған.

Париж келісімінің 2030 жылға дейінгі мақсатына қол жеткізу үшін ұлттық деңгейде айқындалатын салымдарды (ҰДАС) жаңарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Барлық негізгі секторлар үшін парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шараларды қамтитын шаралардың жол картасы әзірленді.

Осылайша, 2022 жылы 1990 жылға қарағанда парниктік газдар шығарындыларының шекті көлемі **92,02%** құрады және нысаналы индикатормен белгіленген көрсеткіштен асқан жоқ.

Экологиялық және әлеуметтік әсер:

«Парниктік әсер» салдарынан болатын климаттың өзгеруі бүкіл әлем бойынша проблема болып табылады және қоршаған орта жағдайына үлкен қауіп төндіреді.

Осыған байланысты, осы бағдарламаны іске асырудың экологиялық әсері парниктік әсері бар парниктік газдар шығарындыларын азайту және сол арқылы кейіннен орташа температураның көтерілуін шектеу болып табылады. Орташа температураның едәуір өсуі экология үшін қайтымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Планетадағы орташа температура қазірдің өзінде 0,8°C-қа көтерілгенін ескере отырып, мұндай мақсатты парниктік газдар шығарындыларын шектеу мен азайтудың ауқымды шараларын қамтитын климаттық модель аясында ғана жүзеге асыруға болады.

Осы бағдарламаны іске асырудың әлеуметтік әсері халықаралық инвестицияларды тарту, бірлесіп жүзеге асыру жобаларына және «таза даму» процестеріне қатысу, өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, парниктік газдар шығарындыларына квоталармен сауда жасау үшін өндірісте жаңа қалдықсыз және энергия тиімді технологияларды қолдану перспективаларында жатыр.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша **40,03% құрады, жоспар бойынша 40% (2021 ж. – 38,23%)**

Аумақтық экология департаменттеріне берілген табиғат пайдаланушылардың есептеріне сәйкес өнеркәсіптік қалдықтардың түзілуінің негізгі көзі тау-кен өнеркәсібі болып табылады.

Өнеркәсіптік қалдықтардың түзілуі бойынша Қостанай, Павлодар және Қарағанды облыстары көш бастап тұр. Бұл өңірлерде қалдықтарды қайта өңдеу үлесі 39-49%-ды құрайды. Қалдықтарды қайта өңдеу көшбасшылары Астана қаласы (100%), Атырау (82,84%) және Шығыс Қазақстан облыстары (82,45%) болып табылады.

Өнеркәсіптік қалдықтар ең азы Түркістан (0,76%) Алматы (9,32%), Жамбыл (7,38%) облыстарында өңделеді.

Аймақтар бөлігіндегі мәліметтер кестеде көрсетілген.

Кесте.

№	Аудан, қала	Қалыптасты	Кәдеге жаратылды, олардың ішінен
			Өндірістік қалдықтар
			олардың ішінде:

		Өндірістік қалдықтар, тонн	барлығы	Қолданылғаны тонна	қайта өндірілгені тонна	%
1	Ақмола	76 951 000	18 645 000	0	18 645 000	24,22970462
2	Ақтөбе	61 044 330	9 368 650	1 527 000	7 841 400	15,34728942
3	Алматы + Жетісу	428 953	40 000	20 000	20 000	9,325030947
4	Атырау	253 720	194 974	0	194 974	76,84612959
5	ШҚО + Абай	60 749 864	50 092 810	33 500	50 059 310	82,45748501
6	Жамбыл	15 727 933	1 161 305	1 136 000	25 099	7,383710243
7	БҚО	88 695	33 532	0	34 580	37,80596426
8	Қарағанды	162 081 634	75 131 860	1750	75 130 110	46,35433278
9	Қостанай	246 000 000	97 002 000	650 000	96 352 000	39,43170732
10	Қызылорда	132 000	84 000	31 000	53 000	63,63636364
11	Манғыстау	460 000	200 011	39 200	162 890	43,48065217
12	Павлодар	203 800 000	79 571 200	5 100 000	74 471 200	39,0437684
13	СҚО	1 500 000	604 000	458 000	346 000	40,26666667
14	Түркістан	570 836	4 355	129	4 226	0,762916144
15	Алматы қаласы	1 250 711	383 264	69 893	313 371	30,64368987
16	Астана қаласы	6 042	6 042	0	6 042	100
17	Шымкент қаласы	35 247	14 764	4619	5526	41,88725282
18	Ұлытау	57 050 200	22 984 632	427	21 984 205	40,2884337
Барлығы		895 121 165	363 522 399	9071518	343 648 933	40,03

Экологиялық және әлеуметтік әсер: Түзілетін және жинақталған қалдықтардың, сондай-ақ жоюға жататын қалдықтардың көлемін және (немесе) қауіпті қасиеттерінің деңгейін біртіндеп қысқарту, қалдықтарды қалпына келтіру және полигондарды рекультивациялау үлесін ұлғайту.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша **25,4%** құрады, жоспар бойынша 24% (2021ж. – 21,1 %).

Қазақстанда жыл сайын шамамен 4,5-5,0 млн. тонна ҚТҚ түзіледі. ҚТҚ бөлек жинау, қайта өңдеу, кәдеге жарату бойынша инфрақұрылым құру есебінен ҚТҚ қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі 9% - дан (2017 жыл) 25,4% - ға (2022 жыл) дейін ұлғайтылды.

Республика бойынша 207 қала мен аудандардан бөлек жинау әртүрлі кезеңдерде 142 (2021ж. – 134), ал сұрыптау – 103 (2021ж.- 96) елді мекенде енгізілді.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әрі – ҚТҚ) бөлек жинау және сұрыптау жүйелерін енгізу бойынша Жол карталарын орындау шеңберінде

(аталған жол карталарына экология министрлігі, әкімдіктер мен ӨКМ операторы арасында қол қойылды) Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында 2022 жылғы қазанында сұрыптау желісі іске қосылды, онда қағаз, картон, металл, полиэтилен, пластикалық бөтелкелер (ПЭТ), HDPE пластигы (канистрлер, жуғыш заттардан жасалған ыдыс), қатты пластик және өзге де қалдықтар сұрыпталады және Ақмола облысының Ақкөл қаласында 2022 жылғы қазанында органикалық қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жабдық пайдалануға берілді.

Одан басқа, жергілікті атқарушы органдар тұрақты түрде ҚТҚ бөлек жинау мен қайта өңдеуді жұмысы жүргізілуде.

	Облыстың атауы	Тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне оларды өңдеу және кәдеге жарату үлесі, %					
		2017%	2018%	2019%	2020%	2021%	2022%
1.	Абай						1,6
2.	Ақмола	2,11	2,93	3,02	15	8,7	7,9
3.	Ақтөбе	3,51	11,69	10	10	10,7	15,0
4.	Алматы	24,77	27,55	23,28	17	17,6	17,1
5.	Атырау	44,33	1,69	10,44	20	21,6	27,5
6.	ШҚО	3,17	4,84	3,28	18	11,3	16,0
7.	Жамбыл	3,47	3,11	8,53	13	12,7	16,1
8.	Жетісу						17,8
9.	БҚО	2,17	5,28	8,6	11	11,6	15,1
10.	Қарағанды	13,96	16,39	17,42	29	29	54,6
11.	Қостанай	0,93	9,65	10,3	12	17,7	18,2
12.	Қызылорда	8,13	7,42	10,78	18	19,7	24,5
13.	Маңғыстау	6,49	1,42	33,8	35	28,3	32,1
14.	Павлодар	0,23	0,12	15	22	23,8	27,3
15.	СҚО	3,59	7,59	10,78	13	15,	18,3
16.	Түркістан	3,48	7,17	10,05	13	16	19,0
17.	Ұлытау						0,1
18.	Алматы қ.	10,01	5,70	10,95	10	14	18,0
19.	Астана қ.	8,33	12,25	15,92	30	75	75,2
20.	Шымкент қ.	-	18,28	22,77	25	27,2	30,3
	ҚР бойынша	9,05	11,51	14,9	18,3	21,1	25,4

**бүгінгі таңда жаңа облыстар құрылғанын (Абай, Ұлытау және Жетісу) атап өтеміз, бірақ 2017,2018,2019,2020,2021 жылдардың көрсеткіштері жоғарыдағы кестеде бөлінбестен ортақ көрсетілген. Сонымен қатар, Ақмола облысы бойынша ақпарат 2022 жылғы 3 тоқсан бойынша көрсетілген.*

Экологиялық және әлеуметтік әсер: түзілетін және жинақталған қалдықтардың, сондай-ақ шығарылатын қалдықтардың қауіпті қасиеттерінің көлемін және (немесе) деңгейін біртіндеп қысқарту, қалдықтарды қалпына келтіру және полигондарды рекультивациялау үлесін ұлғайту.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару бойынша орындалған жұмыстардың үлесі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша 52,9% құрады, жоспар бойынша 52,9% (2021ж. – 51,11 %).

Қазіргі уақытта сот шешімдерімен Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар және Ақмола облыстарының 17 қауіпті қалдықтар объектісі республикалық меншікке берілді, оның ішінде 4 объект жойылды, 2 объект жүзеге асырылды, 11 объект іске асыру және басқару сатысында тұр.

2022 жылы Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымы «Жасыл Даму» АҚ бюджеттік бағдарлама шеңберінде 4 нысан бойынша жұмыстар жүргізді:

- «Шаруа» ЖШС (Қостанай облысы) қоймасында орналасқан 19,295 кг металл сынабы жойылды/алынып тасталды;

- Қостанай облысы Жітіқара ауданының Тургеневка ауылында орналасқан 46,13 тонна мөлшерінде улы химикаттармен ластанған мамандандырылған агрохимиялық қалдықтарды (пестицидтерді) орау, тасымалдау және уақытша сақтау жүргізілді;

- қауіпті қалдықтардың қоршаған ортаға әсері және иесіз қауіпті қалдықтардың бағалау құны анықталды;

- Қостанай облысы Денисов ауданы Некрасовка ауылындағы бұрынғы машина ауласының аумағында орналасқан улы химикаттар, пестицидтер;

- Маңғыстау облысы Ақтау қаласының бұрынғы Ақтау пластикалық масса зауытының аумағында орналасқан иесіз қауіпті қалдықтардың 70 түрі.

Экологиялық және әлеуметтік әсер: қоршаған орта мен халықтың денсаулығын жақсарту.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

««Тухлая балка» ағынды суларды буландырғыш-тоғанның лай шөгінділерін тазарту үлесі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша 79,6% құрады, жоспар бойынша 79,6% (2021ж. – 30,6%).

«Тухлая балка» сарқынды сулардың буландырғыш тоғанының тұнба шөгінділерін тазарту жұмыстары жобалық-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес 037-105 «Атырау қаласындағы «Тухлая Балка» сарқынды сулардың буландырғыш тоғанын тазарту» бюджеттік бағдарламасының жобасы шеңберінде жүргізілуде. Жобаны 2021-2023 жылдар кезеңінде іске асыру көзделген.

Экологиялық және әлеуметтік әсері: Атырау қаласындағы ауаның, атап айтқанда күкіртті сутегімен ластануын азайту.

Буландырғыш тоғанды тазарту жұмыстары 2023 жылы аяқталады.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«ЕҚТ бойынша анықтамалықтардың жобалары әзірленетін ең үздік қолжетімді техникаларды қолдану салаларын қамту» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша 24% құрады, жоспар бойынша 24%

2022 жылдың қорытындысы бойынша ЕҚТ бойынша анықтамалықтардың (бұдан әрі – ЕҚТА) 4 жобасы әзірленді.

- 1) «Мұнай және газ өндірісі» ЕҚТА;

- 2) «Ферроқорытпа өндірісі» ЕҚТА;

3) «Темір кендерін (қара металдың өзге де кендерін қоса алғанда) өндіру және байыту» ЕҚТА;

4) «Түсті металл кендерін өндіру және байыту» ЕҚТА.

ҚР Экологиялық Кодексінің (ҚР ЭК) 3-қосымшасына сәйкес ЕҚТ қолдану салаларының тізбесінен 4 анықтамалық 4 облысқа қатысты. Есептеу формуласына сәйкес:

ҚР ЭК 3-қосымшасына сәйкес облыстардың саны зардап шеккен ТНТ / ҚР ЭК 3-қосымшасына сәйкес облыстардың жалпы саны * 100 = % қамту

$$4/33 * 100 = 12\%.$$

2021 жылы әзірленген ЕҚТ анықтамалықтардың 4 жобасының ескеруімен, өсім бойынша жиынтық жалпы облыстарды қамту **24%** құрады (өсумен алғанда, 2021 жылы 12 + 2022 жылы 12).

Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсер:

- ластаушы заттардың шығарындыларын азайту арқылы қоршаған ортаға антропогендік әсерді азайту;

- қоршаған орта сапасының жақсаруына байланысты халық денсаулығы үшін қатердің азаюы;

- парниктік газдар шығарындыларын азайту;

- су ресурстарының сапасын жақсарту;

- ресурс тиімділігін арттыру;

- тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету (жасыл өсу);

- экономиканың өнеркәсіптік және әлеуметтік секторларындағы экологиялық проблемаларды шешу үшін тиімді және экологиялық технологиялар мен инновациялар көмегімен «жасыл экономикаға» көшуге жәрдемдесу.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Халықты ең озық қолжетімді техникалар (ЕҚТ) және «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы саласындағы ақпаратпен қамту» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша **4,19% құрады, жоспар бойынша **3,2%** (2021ж. – **3,16%**).**

Нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- ЕҚТ принциптеріне көшу, ЕҚТ, жасыл технологиялар бойынша анықтамалықтар әзірлеу, «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы (ЖКСБ), сондай-ақ ЕҚТ мәселелері баспа және электрондық БАҚ-та (газеттер, журналдар, интернет-порталдар және т. б. ұйымдастырылып, жарияланды;

- әлеуметтік желілерде ОҚТ қағидаттарына көшу, ОҚТ, жасыл технологиялар бойынша анықтамалықтарды әзірлеу, «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы (ЖКСБ), сондай-ақ ОҚТ мәселелері бойынша мемлекеттік саясат туралы ақпарат орналастырылған (қазақ және орыс тілдерінде);

- инфографика, бейнероликтер, ақпараттық вирустық промо-роликтер және т.б. әзірленіп, таратылды.

Бұл нәтижеге мынадай формула бойынша нысаналы индикаторды есептеу арқылы қол жеткізілді:

$$p = \frac{N_{\text{общ}} * 100\%}{N_H}$$

мұндағы N_H – Қазақстан Республикасының жұмыс күшінің (экономикалық белсенді халықтың) саны. ҚР СЖРА ҰСБ-ның деректері бойынша 2022 жылдың 3 тоқсанында жұмыс күшінің саны 9 275 700 адамды құрады;

$N_{\text{жалпы}}$ – есепті кезеңде ең озық қолжетімді техникалар (ЕҚТ) және жасыл технологиялар (ЖТ) саласындағы ақпаратпен хабардар болған халықтың саны.

$$N_{\text{жалпы}} = N_1 + N_2 + N_3 + N_4 + N_5 + N_6$$

мұнда N_1 – нысаналы топтарды қамту 23 916 адамды құраған есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша «ХЖТИЖО» КЕАҚ интернет-ресурсына кіру саны;

N_2 – есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ОҚТ және БЖТ саласындағы семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер және түсіндіру іс-шаралары шеңберінде ақпаратпен қамтылған халықтың саны, онда нысаналы топтарды қамту 600 адамды құрады;

N_3 – есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша нысаналы топтарды қамту 132 адамды құраған, ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) және жасыл технологиялар (ЕС) саласындағы консультациялармен қамтылған халықтың саны;

N_4 – есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша нысаналы топтарды қамту 255 203 адамды құраған баспа және электрондық БАҚ-та (газеттер, журналдар, интернет-порталдар) таратылған ақпаратпен қамтылған халықтың саны;

N_5 – есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша әлеуметтік желілерде таратылған ақпаратпен қамтылған халықтың саны, онда нысаналы топтарды қамту жалпы 108 145 адамды құрады;

N_6 – есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ТВ арналарда таратылған ақпаратпен қамтылған халықтың саны, онда нысаналы топтарды қамту 975 адамды құрады.

$$P = 388971 * 100 / 9\,275\,700 = 4,19\%.$$

Экологиялық тиімділік:

Халықтың хабардар болу деңгейі мүмкіндік берді:

- атмосфераға ластаушы заттарды қысқарту мақсатында ірі ластаушы кәсіпорындардың ОҚТ көшу саласындағы білімдерін кеңейту;
- еліміздің азаматтарының денсаулығын жақсарту мақсатында шығарындыларды азайту жөнінде шешім қабылдау.

2022 жылы нысаналы индикатордың айтарлықтай өсуі балалар жылына арналып ұйымдастырылған ауқымды республикалық «Жасыл технологиялар балалардың көзімен» атты конкурсымен тікелей байланысты. Конкурста 4 жастан 17 жасқа дейінгі 700-ге жуық бала қатысты. Конкурс туралы ақпаратты таратудың негізгі көзі әлеуметтік желілер, БАҚ, сондай-ақ мақсатты жарнама болды, бұл өткен жылдармен салыстырғанда халықты жоғары деңгейде қамтуға үлкен ықпалын тигізді.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының деректері базасынан экологиялық ақпараттың таралу деңгейі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша 0,23% құрады, жоспар бойынша 0,23% (2021ж. – 0,23%).

МЭАҚ деректер қорынан экологиялық ақпаратты тарату келесідей тәсілдермен жүргізіледі:

1) «Экологиялық ақпарат беру» мемлекеттік қызмет көрсету саны – 160 мемлекеттік қызмет;

2) «Экологиялық ақпарат беру» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі туралы хабардар етілген жеке және заңды тұлғалардың саны («Экологиялық ақпарат беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы көрсетілетін қызметті алушылардың хабардарлығын арттыру бойынша іс-шаралар өткізу) – 3800 адресат;

3) Есепті кезеңде «Бірыңғай экологиялық интернет-ресурсында» орналастырылған ақпарат саны – 1711 бірл. ақпарат;

4) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы дөңгелек стол, тренингтер және біліктілікті арттыру семинарларында таратылған экологиялық ақпарат саны – 1627 бірл. ақпарат;

5) Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша заңды және жеке тұлғаларға кеңес беру саны – 4824 кеңес;

6) Есепті кезеңде басып шығарылған «Қазақстан экологиясы» газетінің таратылған даналар саны – 9330.

$$160+3800+(319+822+570)+1577+50+4824+9330=21452 \text{ бірл.}$$

Жалпы МЭАҚ деректер қорынан таратылған ақпарат саны – 21452 бірл. экологиялық ақпарат.

Қазақстан Республикасының 2022 жылғы III тоқсандағы жұмыс күші саны (Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметі) – 9 275 700 адам.

Экологиялық ақпаратты тарату пайызы келесі тәсілмен есептелінеді:

$$9\,275\,700 - 100\%;$$

$$21452 - X \%;$$

$$X = (21452 \cdot 100) / 9\,275\,700 = 0,23\%$$

Осылайша, «Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының деректері базасынан экологиялық ақпараттың таралу деңгейі» 2022 жылы 0,23%-ды құрады.

Экологиялық және әлеуметтік тиімділік:

- халықтың сенімді экологиялық ақпаратқа, оның ішінде ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркеліміне қол жеткізуін қамтамасыз ету;

- жеке және заңды тұлғалардың, үкіметтік емес ұйымдардың, ЖОО өкілдерінің, ғылыми қызметкерлердің қоршаған орта проблемалары туралы хабардар болу деңгейін арттыру;

- қолайлы әлеуметтік жағдайды дамыту үшін қоршаған орта мәселелері бойынша шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуын арттыру, себебі экологиялық проблемаларды шешу елдегі әлеуметтік шиеленісті

төмендетуге ықпал етеді;

- Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық теңгерімді дамуы мақсатында орнықты экономикалық өсуге (жасыл өсуге) жәрдемдесу;

- қоршаған ортаны жақсарту және қалпына келтіру, табиғи экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молықтыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ғылыми негізделген іс-шараларды әзірлеу үшін қоршаған ортаны қорғау саласында талдау, бағалау және ғылыми зерттеулер жүргізуге жәрдемдесу.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Кадастрлардың бірыңғай жүйесіне енгізілген табиғи ресурстарды есепке алу объектілерінің үлесі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша 83% құрады, жоспар - 83%, (2021ж.- 83%).

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 171-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – *Кадастрлардың бірыңғай жүйесі*) құрылымын 6 кадастрды құрайды: жер, су, орман, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (бұдан әрі – *ЕҚТА*), жануарлар дүниесінің (аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың түрлері бойынша; балық және басқа да су жануарлары бойынша), жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрлары. Кадастрлардың бірыңғай жүйесі «Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрлары» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – «ҚР ТРМК» АЖ) іске асырылды.

Қазіргі уақытта «ҚР ТРМК» АЖ құрамына 5 кадастр (*орман, жер, ЕҚТА, жануарлар дүниесінің (аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың түрлері бойынша; балық және басқа да су жануарлары бойынша), жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрлары*) енгізілген.

«Кадастрлардың бірыңғай жүйесіне енгізілген табиғи ресурстарды есепке алу объектілерінің үлесі» көрсеткішін есептеу әдістемесіне сәйкес 83%-ды құрады.

Индикатор келесі формула бойынша есептеледі:

$$N = n / P * 100\%,$$

мұнда N – «ҚР ТРМК» АЖ Кадастрлардың бірыңғай жүйесіне енгізілген табиғи ресурстарды есепке алу объектілерінің үлесі;

n – «ҚР ТРМК» АЖ Кадастрлардың бірыңғай жүйесіне енгізілген кадастрлар саны;

P – Қазақстан Республикасы Экология кодексіне сәйкес Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің құрамына кіретін кадастрлардың саны.

$$5/6 * 100\% = 83\%.$$

Осылайша, «Кадастрлардың бірыңғай жүйесіне енгізілген табиғи ресурстарды есепке алу объектілерінің үлесі» НИ 2022 жылы 83%-ды құрады, бұл жоспарланған көрсеткішке сәйкес.

Министрліктің Геология комитетінің «Қазақстан Республикасының минералдық ресурстар Ұлттық банкі» АЖ-ның «ҚР ТРМК» АЖ-мен интеграциясын жүргізуге дайын болмауына байланысты, құпия және құпия ақпаратты қоспағанда, жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрының 2021 жылғы деректері 2022 жылғы қазан айында кең таралған (КТПҚ) және қатты пайдалы қазбалар (КПК) бойынша сыртқы тасымалдағышта деректер түсіру түрінде берілді және esokadastr.kz сайтында орналастырылды.

Экологиялық тиімділік:

- табиғи ресурстардың сандық және сапалық көрсеткіштері туралы бірыңғай жүйелендірілген ақпарат жинағын жүргізу, бұл табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларын салалық ақпараттық жүйелермен интеграциялау есебінен табиғи және экономикалық әлеуетті бірыңғай жалпымемлекеттік кешенді есепке алуды және бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«ҚР ТРМК» АЖ-да 5 кадастр және картографиялық блок бойынша ақпарат бар:

- 1) орман кадастры;
- 2) ЕҚТА кадастры;
- 3) жануарлар дүниесінің кадастры *(аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың түрлері бойынша; балық және басқа да су жануарлары бойынша);*
- 4) жер кадастры;
- 5) жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастры.

Кадастрлық объектіге сипаттама, қасиеттері, сондай-ақ осы деректерді аумақты сипаттау үшін картадағы нақты кеңістіктік орналасуына байланыстыру бар. Қолда бар кадастрлар бойынша деректер көзі болып Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің, Балық шаруашылығы комитетінің, Геология комитетінің және ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің облыстық аумақтық инспекциялары табылады. Деректерді жүйеге енгізу кезеңділігі – жылына бір рет.

2016 жылы «ҚР ТРМК» АЖ ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке аттестатталған.

Алдағы уақытта Су кадастрымен интеграция жүргізу қажет. Уәкілетті органнан алынған ақпарат негізінде «ҚР ТРМК» АЖ деректер базасына: 2015-2016 жж. – 3211 объект, 2017-2018 жж. – 4090 объект, 2019 ж. – 4557 объект, 2020 ж. – 4598 объект, 2021 ж. – 4830 объект, 2022 ж. – 4931 объект енгізілді *(2022 жылға арналған жоспар – 4830 объект, орман кадастры, ЕҚТА кадастры, жануарлар дүниесі кадастры (аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша; балық және басқа да су жануарлары бойынша) бойынша деректерді жинау және енгізу жүзеге асырылды. Сондай-ақ, кең таралған пайдалы қазбалар және пайдалы қатты қазбалар бойынша сыртқы тасымалдағыштағы деректерді түсіру түріндегі құпия және құпия ақпаратты қоспағанда, жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастрының деректері және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен орман шаруашылығының*

мемлекеттік мекемелері бойынша мемлекеттік әсер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен деректер алынды).

Әлеуметтік-экономикалық тиімділік:

Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры Орхус конвенциясы бойынша Қазақстан міндеттемелерін орындау шеңберінде республика халқын және мемлекеттік органдарды табиғи ресурстар жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету үшін «ҚР ТРМК» АЖ деректерімен толықтырылады. Бұдан басқа, табиғи ресурстардың әлеуметтік-экономикалық әсері шаруашылық және өзге де шешімдер қабылдауға, сондай-ақ табиғи-ресурстық блоктың ведомстволарын үйлестіруді жүзеге асыруға негіз болды.

Сонымен қатар, республика халқын және мемлекеттік органдарды табиғи ресурстардың жай-күйі, атап айтқанда: ЕҚТА кадастры, жануарлар дүниесі (*аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың түрлері бойынша; балық және басқа да су жануарлары бойынша*), орман, жер, су кадастры, жер қойнауының мемлекеттік қорының бірыңғай кадастры туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. «ҚР ТРМК» АЖ деректері тегін негізде ұсынылады. Сондай-ақ, «ҚР ТРМК» АЖ-да жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерінің сипаттамасы бар, бұл болашақта қызыл кітапқа енгізілген түрлерінің есебін жүргізуге және жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерінің жойылып кетуіне жол бермеу бойынша уақтылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Өткен жылмен салыстырғанда Қалдықтардың мемлекеттік кадастры кіші жүйесінің деректер базасындағы объектілер операторлары санының өсуі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша 5% құрады, жоспар - 5%.

ҚР ЭК 384-бабына сәйкес объектілердің операторлары қалдықтардың мемлекеттік кадастрына құжаттаманы (қауіпті қалдықтардың паспорттары, қалдықтарды түгендеу жөніндегі есептер және қалдықтарды орналастыру объектілері бойынша кадастрлық істер) ұсынады.

Нысаналы индикатор формула бойынша есептеледі:

$$n = (N2 - N1) / N1 * 100\%, \text{ онда}$$

n – Қалдықтардың мемлекеттік кадастры кіші жүйесінің дерекқорындағы объектілер операторлары санының өсуі;

N1 – алдыңғы кезеңге Қалдықтардың мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің дерекқорында тіркелген объектілер операторларының жалпы саны;

N2 – ағымдағы кезеңге Қалдықтардың мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің деректер базасында тіркелген объектілер операторларының жалпы саны.

Қалдықтардың мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің деректер базасында тіркелген объектілер операторларының жалпы саны 2021 жылға қарай

24 179 бірлікті құрады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша қалдықтардың мемлекеттік кадастрындағы объектілер операторларының саны 25 466 бірлікті құрады. Өсім:

$$n = (25\,466 - 24\,179) / 24\,179 * 100\% = 5\%.$$

Осылайша, «өткен жылға қатысты Қалдықтардың мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің дерекқорындағы объектілер операторлары санының өсуі» нысаналы индикаторы 2022 жылы 5%-ы құрады, бұл жоспарланған көрсеткішке сәйкес келеді.

Экологиялық және әлеуметтік әсер:

- Қазақстанның Орхус конвенциясы бойынша міндеттемелерді орындауы шеңберінде жұртшылықты қалдықтар бойынша ақпаратпен қамтамасыз ету;

- ҚР ЭК 30-тарауына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның функциясын іске асыру;

- мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының деректерін мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының ақпарат көздерінің бірі ретінде әрекет ететін Қалдықтардың мемлекеттік кадастрының мәліметтерімен толықтыру және өзектендіру (*ҚР Экология Кодексінің 25-бабының 7-тармағына сәйкес*);

- мемлекеттік органдарды, мүдделі жеке және заңды тұлғаларды елдің экономикалық секторын дамыту және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында шешімдер қабылдау үшін, оның ішінде қалдықтарды бөлек жинау, қалдықтарды сұрыптау, қалпына келтіру және жою жөніндегі инфрақұрылымды дамыту үшін қалдықтарды жалпымемлекеттік кешенді есепке алу (ведомстволық есепке алу) бойынша ақпаратпен қамтамасыз ету.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Республика аумағының мониторингпен қамтамасыз етілуі» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша:

метеорологиялық – **82,4%**, жоспар бойынша 82,4% (2021ж. - 81 %);

агрометеорологиялық – **77,1%**, жоспар бойынша -77,1% (2021ж. - 74,6 %);

гидрологиялық - **75,4%**, жоспар бойынша - 75,4% (2021ж. – 75,4 %);

атмосфералық ауаның ластану жағдайы туралы – **86%** құрады, жоспар бойынша - 86% (2021ж.- 82%).

Метеорологиялық мониторинг

2022 жылы кәсіпорынның ішкі резервтері есебінен 6 автоматты метеорологиялық станция ашылды, аумақтың **метеорологиялық мониторингпен** қамтамасыз етілуі 1,4%-ға өсті және 82,4%-ды құрады (347 метеорологиялық станция).

Пункттердің ең аз қажетті саны 421 болуы тиіс (П.Ж. Қожахметовтың «Қазақстанның метеорологиялық желісін оңтайландыру туралы» ғылыми мақаласына сәйкес). 2022 жылы метеорологиялық мониторинг 347 метеорологиялық станцияда жүргізілді, онда республика аумағын метеорологиялық мониторингпен қамтамасыз ету пайызы $347 * 100 / 421 = 82,4\%$ құрады.

Агromетeорoлoгиялық мoнитoринг

Агromетeорoлoгиялық бaқылау 216 пунктте, oның ішінде 128 метeостaнцияда және 88 агromетeорoлoгиялық бекетте жүргізілді.

Аумақтың **агromетeорoлoгиялық мoнитoрингпен** қaмтамасыз етілуі 77,1% құрады. Оң серпінге Бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті қаржыландыру болмаған жағдайда кәсіпорынның ішкі резервтері есебінен қол жеткізілді.

Бұл индикатор агromетeорoлoгиялық бaқылаулары бар пункттер санына қатысты есептеледі. Пункттердің ең аз қажетті саны 280 болуы тиіс (С.С. Байшолановтың «Қазақстанда агromетeорoлoгиялық мoнитoрингті дамыту туралы» ғылыми бабына сәйкес). 2022 жылы агromетeорoлoгиялық мoнитoринг 216 бaқылау пунктінде жүргізілді, онда аумақты агromетeорoлoгиялық мoнитoрингпен қaмтамасыз ету пайызы $216 \cdot 100 / 280 = 77,1\%$ құрады;

Гидрологиялық мoнитoринг

Аумақтың **гидрологиялық мoнитoрингпен** қaмтамасыз етілуі 2022 жылы **75,4%-ды** (377 гидробекет) құрайды.

Бұл индикатор гидрологиялық бaқылаулары бар пункттер санына қатысты есептеледі. Пункттердің ең аз қажетті саны 500 болуы тиіс (Қазақстанда жұмыс істеген және оның бүкіл аумағын қамтыған гидробекеттердің ең көп саны).

2022 жылы гидрологиялық мoнитoринг 377 гидрологиялық бекетте жүргізілді, оның ішінде 329 өзен, 38 көл, 7 теңіз бaқылау пункті және 3 гидрологиялық бекет бар, онда аумақтың гидрологиялық мoнитoрингпен қaмтамасыз етілу пайызы $377 \cdot 100 / 500 = 75,4\%$ құрады.

Атмосфералық ауаның ластану жағдайына мoнитoринг 2022 жылы 146 пунктте жүргізілді – аумақтың қaмтамасыз етілу пайызы – 86%-ға тең (нақты саны 146 пунктті құрайды).

Бұл индикатор экологиялық бекеттер санына қатысты есептеледі. «Атмосфераның ластануын бaқылау жөніндегі нұсқаулық» нұсқаулық құжатына Мәскеу 1991 ж. сәйкес, қажетті пункттердің ең аз саны 170 болуы керек.

2022 жылы атмосфералық ауаның ластану жағдайына мoнитoринг 146 пунктте жүргізілді, онда аумақтың қaмтамасыз етілу пайызы $146 \cdot 100 / 170 = 86\%$ құрады.

Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тиімділік:

Осы нысаналы индикаторды іске асыру республика халқы мен мемлекеттік органдарын сапалы метеорологиялық, гидрологиялық және агromетeорoлoгиялық мoнитoрингпен, оның ішінде ауа райы болжамдарымен, атмосфералық ауаның ластану жағдайы туралы нақты ақпаратпен, қауіпті және дүлей гидрометеорологиялық құбылыстар туындаған кезде уақтылы шешімдер қабылдау және тұтастай алғанда республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қоршаған ортаның экологиялық жай-күйін бағалаумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Жоғары және экстремалды-жоғары ластану, өнеркәсіптік көздерден авариялық шығарындылар жағдайлары туындаған кезде «Қазгидромет» РМК

шұғыл түрде Министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитетін хабардар етеді, ол бұзушылықтар анықталған кезде шығарындылардың шекті жол берілетін нормаларын бұзатын өнеркәсіптік объектілерге айыппұл салады.

Жүргізілетін мемлекеттік гидрометеорологиялық мониторинг мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды ауа райы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, дүлей метеорологиялық құбылыстардың туындау мүмкіндігі туралы ескерту үшін, қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді метеорологиялық, агрометеорологиялық және гидрологиялық болжамдар жасау үшін қажет.

Жүргізіліп жатқан мемлекеттік гидрометеорологиялық мониторингтің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы - ауа райы, климат, ылғал қоры және т.б. туралы ақпарат осы ақпараттың метеорологиялық және климаттық жағдайларға сезімтал экономика секторларындағы пайдаланушылардың су тасқыны кезеңінде қабылдайтын шешімдеріне әсерімен айқындалады және бұл маңыздылық осындай ақпараттың сапасын, дәлдігін, жеделдігін, уақтылығын және пайдаланушыға бағдарлануын арттыра отырып ұлғаю үрдісіне ие.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру және минералдық-шикізат кешенінің орнын толтыру

2.1-мақсат «Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру»

«Аландағы геологиялық-геофизикалық ізденіспен қамту» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша 1743,6 мың шаршы км. құрады, жоспар бойынша - 1743,6 мың шаршы км.

2022 жылы 1:200000 масштабтағы аумақты геологиялық зерделеуді қамту индикаторын орындау мақсатында Геология комитеті жер қойнауын өңірлік геологиялық зерделеуді келесі түрлер бойынша жүргізді:

- **аландарды геологиялық жете зерттеу бойынша (ГЖЗ-200) – 1195,5 мың шаршы км.** 2022 жылы ГЖЗ - 200 бойынша жұмыстар 7 объектіде жүргізілді, оның ішінде: жалғасып жатқан жұмыстар-5, аяқталатын жұмыстар – 2.

- **геологиялық-минерагендік карталау бойынша (ГМК – 200) – 169,9 мың шаршы км.** 2022 жылы ГМК – 200 бойынша жұмыстар 6 объектіде жүргізілді, оның ішінде: жалғасып жатқан жұмыстар – 2, аяқталатын – 2, жаңалары – 2.

- **терең геологиялық картаға түсіру бойынша (ТГК-200) – 219,2 мың шаршы км.** 2022 жылы ТГК – 200 бойынша жұмыстар 15 объектіде жүргізілді, оның ішінде: жалғасып жатқан жұмыстар – 9, аяқталатын – 5, жаңа – 1.

- **аудандарды гидрогеологиялық жете зерттеу бойынша (ГГЖЗ-200) – 159 мың шаршы км.** 2022 жылы ГГЖЗ – 200 бойынша жұмыстар 28 объектіде жүргізілді, оның ішінде: жалғасып жатқан жұмыстар – 3, аяқталатын жұмыстар – 14, жаңалары – 11.

2022 жылы «Геологиялық-геофизикалық зерделеуді қамту» индикаторына қол жеткізілді және $S_{ггз} = 1195,5 + 169,9 + 219,2 + 159 = 1743,6$ мың шаршы км құрады.

Жоғарыда аталған жұмыстардың негізгі міндеті әрі қарай зерделеу және әзірлеу үшін инвестициялар тарту мақсатында перспективалы учаскелерді анықтай отырып, өңірдің, тұтастай Қазақстанның аумағын зерделеуді арттыру болып табылады.

Өңірлік геологиялық зерттеулер жүргізу нәтижесінде 1:200 000 масштабтағы геологиялық мазмұндағы жаңа буын карталарының жиынтығы жасалады, пайдалы компоненттердің құрамы жоғары жаңа перспективалы алаңдар, учаскелер, кен аймақтары анықталады, минералды шикізаттың негізгі түрлерінің (алтын, мыс, полиметалдар және т.б.) болжамды ресурстарына баға беріледі.

Экологиялық және әлеуметтік әсері: 2022 жылы «Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерделенуін арттыру» 089 бағдарламасы бойынша жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жүргізу шеңберінде «Өңірлік, геологиялық-түсірілім, іздестіру-бағалау және іздестіру-барлау жұмыстары» 102 кіші бағдарламасы бойынша уақытша жұмыс орындарымен 1000 адам қамтамасыз етілді, оның ішінде облыстар бойынша: Ақмола – 46; Ақтөбе – 40; Алматы – 100; Атырау – 20; ШҚО – 280; Жамбыл – 40; БҚО – 20; Қарағанды – 120; Қостанай-52; Қызылорда – 80; Маңғыстау – 40; Павлодар – 50; СҚО – 32; Түркістан-80.

Зерттеулер жаңа нысандар бойынша барлау мен өндіруге қосымша инвестициялар тартуға мүмкіндік береді.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

3-стратегиялық бағыт. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, су ресурстарын және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету

3.1.мақсат Балық, орман ресурстарын, жануарлар дүниесі ресурстарын, табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және өсімін молайту

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы және орман шаруашылығының мамандандырылған кәсіпорындарының аумақтарындағы орманмен қамтылған жерлердің ауданы» НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша 1751,5 мың га құрады, жоспар бойынша 1748 мың га (2021ж.-1741 мың га).

2022 жылдың қорытындысы бойынша Министрліктің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен орман шаруашылығының мамандандырылған кәсіпорындарының аумақтарындағы орманмен жабылған алқаптардың ауданы 1751,5 мың га құрайды.

Орман қорын есепке алу жөніндегі жұмыстар «Мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының, мемлекеттік орман кадастрының, ормандардың мемлекеттік мониторингінің және орман орналастырудың мемлекеттік есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/163 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Н.Н. Қылышбаевтың 2022 жылғы 21 қарашадағы №27-5/291-НҚ бұйрығына сәйкес комиссиялық түрде орман қорын есепке алу материалдары қабылданды.

Жоспар орындалды және 1751,5 мың га құрайды, бұл орман дақылдарының үлкен аумағын орманмен жабылған алаңға ауыстыруға байланысты.

ҚР Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі орман қорына 2 млрд. ағаш отырғызу жөніндегі Жолдауын орындау шеңберінде Министрлік орман отырғызу көлемін ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізуде.

Экологиялық әсер:

Қазақстан аумағының ормандылығын арттыруға ықпал етеді (орман қорының есебіне сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтарға ормандылық 5%, ормандылық пайызын 2030 жылға қарай 5,3%-ға дейін жеткізу жоспарлануда).

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Тұяқты жануарлар мен киіктердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері санының өсуі, оның ішінде: киік, тоғай қызыл бұғы, құлан, қарақұйрық, арқар» НИ

Тұяқты жануарлар мен киіктердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері санының өсуі, оның ішінде киіктер - нақты **56,53%**, жоспар 15,2%, тоғай қызыл бұғысы - **7,78%**, жоспар 0,73% кезінде, құлан - нақты **1,75%**, жоспар 0,92%, қарақұйрық - нақты **1,3%**, жоспар 0,61%, арқар - нақты **7,93%**, жоспар 1,42%.

Киіктер санының едәуір өсуі табиғат қорғау ұйымдарының нақты қорғау іс-шараларын жүргізуімен және киіктерге браконьерлік үшін айыппұл санкцияларын қатаңдатумен, сондай-ақ республика бойынша табиғат қорғау ұйымдары мен құқық қорғау органдарының қатысуымен наурыздан сәуірге дейін және желтоқсаннан қаңтарға дейін «Киік» кең ауқымды табиғат қорғау акциясын өткізумен байланысты.

Сондай-ақ, тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің көбеюі байқалады, бұл жабайы тұяқты жануарлардың осы түрлерінің көбеюіне қолайлы жағдайларға байланысты (*алаңдаушылық факторларының болмауы, қолайлы ауа-райы-климаттық жағдайлар және биологиялық әл-ауқат*).

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Балық ресурстарын және басқа су жануарларын сақтау, оның ішінде: балық аулау объектілері болып табылатын бағалы түрлер – 2022 жылы қарай 52 бірлік, жоспар бойынша 51 бірлік, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлер – 2022 жылға қарай 18 бірлік, жоспар бойынша – 19 бірлік» НИ

Министрліктің Даму жоспарының 2022 жылға «балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтау – **балықтың 70 түрі**, оның ішінде: балық аулау объектілері болып табылатын бағалы түрлер – **51**; сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлер – **19**» нысаналы индикатор ретінде бекітілді.

Балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/106 бұйрығымен бекітілген.

Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесі ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен бекітілген.

Бұл ретте, Каспий маңындағы барлық елдер әр жылдары қызыл кітаптан «*күтім*» балығын **алып тастағанын** атап өту қажет.

Ғалымдардың пікірінше, «*күтім*» балығының популяциясының қазіргі жағдайы мен тұрақты өмір сүру жағдайлары генофондтың сақталуын қамтамасыз ететін және олардың табиғи көбеюіне қауіп төндірмейтін шектерге дейін қалпына келтірілді. Осыған байланысты зоологиялық комиссия күтімді Қазақстан Республикасының қызыл кітабынан алып тастауды ұсынды.

Осылайша, қызыл кітапқа енгізілген балық санының өсуіне және балық аулау торларында жиі аулануына байланысты, сондай-ақ балықшылардың қылмыстық жауапкершілікке тарту қаупі туралы өтініштерін ескере отырып, ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 706 қаулысымен күтім Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің **тізбесінен шығарылып** Балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің **тізбесіне енгізілді**.

Бұл Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы кәсіпшілік балық түрлерінің түрлік құрамын кеңейтуге мүмкіндік берді және Каспий маңы өңірінде балық шаруашылығының одан әрі дамуына ықпал ететін болады.

Тиісінше, қазір балық аулау объектілері болып табылатын құнды түрлердің саны – **52**, ал сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлер – **18** (2022 жылғы жоспар бойынша 51 және 19 болды). Бұл ретте, «*күтім*» балығын басқа санатқа ауыстыруға байланысты тұтастай алғанда «балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтау – **балықтың 70 түрі**» нысаналы индикаторы **өзгермейді**.

Сонымен қатар, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтау мақсатында 2022 жылы мынадай жұмыстар жүргізілді.

Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелері 2022 жылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы 6235 хаттама толтырып, 89 млн.теңге көлемінде айыппұл салды, 95 қылмыстық іс қозғалды.

2022 жылғы 1 сәуір мен 31 мамыр аралығында Жайық-Каспий бассейнінің су айдындарында «Бекіре-2022» кең ауқымды балық қорғау акциясы өткізілді, оның қорытындысы бойынша заңсыз айналымнан 21 тоннадан астам балық, 621 бірлік балық аулау құралдары, 122 бірлік су көлігі және 18 бірлік көлік құралдары тәркіленді.

Қалған өңірлерде «уылдырық шашу» балық қорғау акциясы өткізілді, оның барысында 743 әкімшілік хаттама жасалды, 178 тыйым салынған балық аулау құралдары, сондай-ақ 6 тонна балық тәркіленді.

Бұдан басқа, 2022 жылғы 1 наурыз бен 31 мамыр аралығында балық шаруашылығы су айдындарын тасталған балық аулау торларынан тазарту және жағалау аумақтарын жинау, сондай-ақ балық ресурстарын қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қатысты оң қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатында өңірлерде «таза су айдындары» табиғат қорғау акциясы өткізілді. Күнделікті іс-шараларды өткізу нәтижесінде республика бойынша су айдындарынан 4951 данадан астам иесіз желілер шығарылды, полигондарға 628,6 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылды.

Жыл сайын балық шаруашылығы ғылыми ұйымдарының биологиялық негіздемелері негізінде балық ресурстары мен басқа да су жануарларының жай – күйін бағалау бойынша ғылыми зерттеулер (бұдан әрі-ҒЗЖ) жүргізіледі.

ҒЗЖ шеңберінде, олардың саны, мекендеу жағдайлары, жем-шөп базасының жай-күйі, халықаралық және Республикалық маңызы бар 20 су айдынындағы (*Жайық, Қиғаш, Сырдария, Іле, Есіл, Нұра, Тобыл, Силеты, көл. Жайсан, Алакөл, Балқаш өз; Бұқтырма, Қапшағай, Шүлбі, Өскемен және Шардара су қоймалары, Каспий және арал (Кіші) теңізі су қоймалары, Қ. Сәтбаев атындағы арна*), сондай-ақ жергілікті маңызы бар 80 резервтік су айдындарында популяциялардың ағымдағы жай-күйі зерделенді.

ҒЗЖ нәтижелері бойынша балық ресурстарын алып қоюдың шекті рұқсат етілген көлемінің, балық аулау режимі мен реттелуінің, балықтың көлемі, түрі, жас құрамы бойынша, шектеулер мен тыйымдар жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, балық аулау режимін оңтайландырудың ұсынымдарымен биологиялық негіздемелер берілді.

Осы биологиялық негіздемелердің негізінде уәкілетті орган мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысымен жыл сайын балық шаруашылығы су айдындары бойынша балық және басқа да су жануарларын аулаудың тиісті жылға арналған лимиттерін бекітеді.

Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсер:

Кең ауқымды балық қорғау акцияларын өткізудің арқасында елде браконьерлікті анықтау жағдайлары азайды, ол балық ресурстарын сақтауға ықпал етті.

Балық ресурстарының тағамдық және нарықтық құндылығын ескере отырып, 1000-нан астам балық шаруашылығы субъектілері 1641 балық шаруашылығы су айдындары мен олардың учаскелерін 12 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған кәсіптік балық аулауды жүзеге асыру үшін бекітіп берді.

2022 жылға арналған балық аулау лимиті - 66,3 мың тонна көлемінде бекітілді. Лимитті игеру 51,3 мың тоннаны немесе 77% құрады, 920 млн. теңге сомасында балық ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер түсті.

2022 жылы жалпы сомасы 76 млн. АҚШ долларына 30,6 мың тонна балық өнімі экспортталды.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Орман шаруашылығы саласындағы ғылыми әзірлемелерді іс жүзінде қолданумен қамтылған орман алаңы» НИ 2022 жылы жоспар бойынша – 1200 га., нақты – 1200 га құрады.

2022 жылы 2021 жылғы 7 қыркүйектегі №3 шартқа сәйкес 2022 жылғы 16 ақпандағы қосымша келісім жасалды, 1 200 га алаңда ғылыми әзірлемелер енгізілді, атап айтқанда:

ғылыми зерттеулер метеорологиялық деректерді, қар жамылғысының сипаттамаларын, топырақ ішіндегі ағынды суларды, 1200 га аумақтағы әртүрлі екпелердегі топырақтың температурасы мен ылғалдылығын зерттеуді қамтыды. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Риддер ОШ» КММ негізгі су артерияларының су жинау алаңдарында өсу үшін екпелердің оңтайлы құрамын іріктеу (Белая Уба, Қара Уба, Становая Уба, Уба, Журавлиха, Громатуха және т. б. өзендер) оның қысқы және жазғы жауын-шашынның сақталуына әсерін, топырақ ішілік ағын, топырақтың ылғалдылығы, қар жамылғысының түсу ұзақтығын реттеу ерекшеліктерін зерттеу арқылы жүргізілді.

Экологиялық және әлеуметтік әсер:

Аталған іс-шараларды енгізу су жинау алаңдарының шекараларында орман дақылдарын құру кезінде отырғызу материалының оңтайлы ассортиментін анықтауға мүмкіндік берді, бұл қысқы және жазғы жауын-шашынның максималды сақталуын, топырақ ішілік ағынға неғұрлым ұзақ және біркелкі ауысуды және өзендегі суды толықтыру кезеңін қамтамасыз ететін екпелердің оңтайлы құрамын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Балық шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулермен қамтылған Қазақстан Республикасының халықаралық және Республикалық маңызы бар су айдындарын қамту үлесі» НИ 2022 жылы жоспар бойынша – 90%, нақты – 90%.

2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде балық шаруашылығы саласында үш жылдық кезеңге жалпы сомасы 2,9 млрд. теңгеге 2 ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілуде.

1. Қазақстан негізгі балық кәсіпшілігі су айдындарының балық ресурстары мен басқа да су жануарларының қазіргі жай-күйін кешенді бағалау және оларды орнықты пайдалану жөнінде ғылыми-негізделген ұсынымдар әзірлеу.

2. Инновациялық технологиялар мен балық өсірудің жаңа объектілерін әзірлеу және енгізу арқылы Қазақстанның аквамәдениетін кешенді дамытудың ғылыми-технологиялық негіздемелері.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысының 2022 жылғы 11 шілдедегі хаттамасымен жалпы сомасы 8,4 млрд. теңгеге бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру шеңберінде балық шаруашылығы бойынша 10 тақырып мақұлданды.

Қазіргі уақытта 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде тиісті бюджеттік өтінім қалыптастырылды.

Бұдан басқа, 2023 жылы балық шаруашылығы су айдындарының балық өнімділігін айқындау жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, халықаралық және Республикалық маңызы бар су айдындарында балық аулаудың жалпы жол берілетін аулау, режимі мен реттелуі бойынша биологиялық негіздемелерді әзірлеу, сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінің биоресурстарын бағалау бойынша жалпы сомасы шамамен 240 млн.теңгеге кешенді теңіз зерттеулерін жүргізу жоспарлануда.

Балық шаруашылығы саласында ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі шараларды күшейту мақсатында балық шаруашылығы субъектілерінің қажеттілігін ескере отырып, ғылыми ұйымдармен бірлесіп 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары әзірленеді.

Халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 18-04/120 бұйрығымен бекітілді.

Тізбе 20 халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарынан және (немесе) учаскелерінен тұрады.

2022 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстары 18 халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жүргізілді.

$$18/20 \cdot 100 = 90\%.$$

Осылайша, халықаралық және Республикалық маңызы бар су айдындарын және (немесе) учаскелерінен қамту үлесі 90% құрады.

Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсер:

Су айдындарын зерттеу оларды балық шаруашылығы субъектілеріне бекітуге мүмкіндік береді, олар резервуардың қорғалуын қамтамасыз етеді және резервуардың қорғалуын қамтамасыз етеді.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты аумағында бұхар бұғысы мен құланды реинтродукциялау» НИ 2022 жылы жоспар бойынша – 13%, нақты – 13%.

2022 жылы «Іле-Балқаш» резерватының аумағына республикалық бюджет шеңберінде **13 бас бұхар бұғысы** алып келінді.

Сонымен қатар, бюджеттен тыс қаражат есебінен 2022 жылы 63 бас бұғы алынды.

Жалпы 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін тұран жолбарысының жем-шөп базасын құру мақсатында «Іле-Балқаш» резерваты аумағында өткізілетін іс-шаралар бойынша бұхар бұғысының 150 дарағы қайта жерсіндірілді.

Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсер:

Тұран жолбарысының азық-түлік базасын қамтамасыз ету мақсатында Іле-Балқаш резерватының табиғи жағдайында жабайы қабандар, қарақұйрықтар, еліктер саны артып келеді. Бұл ретте жолбарысты реинтродукциялау 2025 жылы жоспарланып отыр.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

3.2. мақсат «Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру»

«Су басу қаупінің төмендеуі: - елді мекендер саны» НИ 2022 жылдың жоспары – жоқ (2021 ж. - 1 АЕМ).

Елді мекендерді су басу қаупін азайту мақсатында 2022 жылы мынадай жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жалғастырылды:

1) ШҚО Жарма ауданының «Центральный» магистральдық каналы мен су торабы бар Шар су қоймасының құрылыстарын реконструкциялау

2) ШҚО Зайсан ауданының Үйдене су қоймасын реконструкциялау

3) ШҚО Тарбағатай ауданы Қарғыба өзеніндегі бөгеттік су тартуды реконструкциялау

4) Павлодар облысындағы № 4 ҚЕаК су торабының №87 бөгетін реконструкциялау

5) Қостанай облысы Тобыл өзеніндегі Амангелді су қоймасын реконструкциялау және пайдалану қауіпсіздігін арттыру

6) Шардара су қоймасы бөгетінің сейсмикалық тұрақтылығын реконструкциялау және арттыру.

Жұмыстардың аяқталуы 2023-2025 жылдары күтілуде.

Осыған байланысты, 2022 жылға жоспарлы мән жоқ.

«Республикалық маңызы бар топтық су құбыры желілері жүргізілген елді мекендердің саны» НИ 2022 жылдың жоспары – 655 бірлік, нақты – 655 бірлік (2021 ж. – 655 бірлік).

2022 жылы 254 «Су ресурстарын тиімді пайдалану» бюджеттік бағдарламасы «Республикалық бюджет қаражаты есебінен сумен жабдықтау жүйесін, гидротехникалық құрылыстарды салу және реконструкциялау» 113 кіші бағдарламасының шеңберінде 9 жобаны іске асыруға және 2 ЖСҚ әзірлеуге

2,62 млрд. теңге бөлінді және игерілді. Іске асырылған жобалар жалғасуда. Аяқталу мерзімі: 2023-2025 жылдар.

Мердігердің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты (МЖӘ-ден артта қалу) аяқтауға жоспарланған Есқұла топтық су құбыры 2023 жылдың мамыр айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Бұл ретте, су 2021 жылы тестілік режимде берілді, сондықтан **2022 жылға республикалық маңызы бар топтық су құбыры желілері тартылған елді мекендер санын ұлғайту жоспарланбаған.**

Экологиялық және әлеуметтік әсер:

Топтық су құбырларын салу және реконструкциялау бойынша іске асырылып жатқан жобаларды аяқтау 2023 жылы жоспарлануда, атап айтқанда:

1. «Алматы облысы Қарасай ауданында Қаскелең топтық су құбырын салу. Құрылыстың I кезегі (2-ші іске қосу кешені). Түзету»;

2. «Алматы облысы Қарасай ауданында Қаскелең топтық су құбырын салу. Құрылыстың I кезегі (3-ші іске қосу кешені). Түзету»;

3. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданындағы «Тақыркөл» бас су қабылдағышынан №1 сорғы станциясына дейін магистральдық су тартқыштың екінші желісін салу;

4. «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырының Қосаман - Ақбастыға қосылу тармағын салу және Қызылорда облысы Арал ауданы Ақбасты елді мекенін сумен жабдықтау».

Олардың аяқталуы 20 АЕМ тұрғындарына шамамен 104 мың адамды сапалы ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

«ПУИД-2 жобасының жасалған келісім-шарттары бойынша орындалған жұмыстардың деңгейі (түбін, еңістерін, дамбаларын, каналдар мен коллекторлардың жоталарын жоспарлау)» НИ 2022 жылдың жоспары - 80%, нақты - 80% (2021 ж. – 75 %).

ИДЖЖ-2 жобасын жалғастыруға 2022 жылға 10,0 млрд. теңге көлемінде бюджет бекітілді. Бюджетті нақтылау шеңберінде қосымша 16,8 млрд. теңге қолдау тапты. Жалпы бюджет 26,8 млрд. теңгені құрады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша 11 объектінің («Қапал», «Мақтаарал-1, бірінші іске қосу кешені», «Мақтаарал-1, екінші іске қосу кешені», «Арыс-Түркістан-1», «Георгиевский магистральный канал», «Мақтаарал-2», «Қызылорда-1», «Қызылқұм», «Ақдала», «Үлкен Алматы каналы», «оң жағалау магистральдық каналы») Жамбыл облысы бойынша 2 объекті пайдалануға берілді («Қапал» және «Георгиевский магистральдық каналы»), сол арқылы 10,0 мың суармалы жердің сумен қамтамасыз етілуін жақсарту үшін жағдайлар жасалды. Қалған 9 объекті бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жалғасуда.

2022 жылы ИДЖЖ-2 жобасының жасалған келісімшарттары бойынша орындалған жұмыстардың деңгейі (түбін, беткейлерін, бөгеттерін, арналар мен

коллекторлар жотасын жоспарлау) 80% құрады.

Экологиялық және әлеуметтік әсер:

Тозған ирригациялық және дренаждық жүйелерді реконструкциялау нәтижесінде Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарының жалпы ауданы 105,1 мың га суармалы жерлерінің сумен қамтамасыз етілуі және мелиоративтік жай – күйі жақсарады, оның ішінде: Түркістан – 62,3 мың га, Жамбыл-15,2 мың га, Қызылорда-15,1 мың га және Алматы-12,5 мың. га.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛМЕГЕН ИНДИКАТОРЛАР БОЙЫНША

««Қошқар-ата» қалдық қоймасының рекультивацияланатын алаң үлесі» **НИ** 2022 жылдың қорытындысы бойынша **12%** құрады, жоспар бойынша 28,1%.

Маңғыстау облысы әкімдігінің ақпараты бойынша 2021-2022 жылдар аралығында 519 га (2021 ж. – 266,2 га, 2022 ж. – 253 га) қалпына келтірілді. Рекультивацияның жалпы ауданы 4279 га құрайды.

2022 жылы Маңғыстау облысының әкімдігі **ЖСҚ түзетудің ұзаққа созылған үдерісіне** байланысты жоспар бойынша **905** га орнына тек **253** га алаңда рекультивация жүргізді, бұл нысаналы индикатордың жоспарлы мәнге **қол жеткізбеудің себебі** болып табылады.

2022 жылға республикалық бюджеттен 905 га аумақты рекультивациялау бойынша жұмыстарды жалғастыру үшін 3 млрд. теңге бөлінді, әкімдік 2022 жылдың наурызы мен қарашасы аралығында 2022 жылғы мемлекеттік сараптама қорытындысын түзету және жою және 2017 жылғы мемлекеттік сараптама қорытындысын қайтару процесі созылғанын ескере отырып, 253 га жерді қалпына келтірді. Түзетілген ЖСҚ жойылуына байланысты 2022 жылдың қараша және желтоқсан айларында әкімдік 2,1 млрд.теңге сомасында қалған қаражатты **игерген жоқ.**

Сонымен қатар, Маңғыстау облысының әкімдігі жұмыстарды одан әрі жалғастыру үшін 2023-2025 жылдарға арналған түзетілген бюджеттік өтінімді ұсынды.

Экологиялық және әлеуметтік әсері: жобаның іске асырылуы аймақтың экологиялық климатын сауықтыруға, іргелес аумақтың жер асты суларының ластануын болдырмауына; радиациялық және химиялық әсер ету аймақтарынан қоршаған ортаның ластануын болдырмауына, қосымша жұмыс орындарын құруына әкеледі.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілген жоқ.

«Балық өсіру көлемі» **НИ** 2022 жылы жоспар бойынша – 22679 тонна, нақты – **19119** тоннаны құрады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша өсірілген балықтың жалпы көлемі 19,1 мың тоннаны құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 4,1 мың тоннаға артық.

Алайда, 2022 жылға жоспарланған болжам (22,6 мың тонна) **84,3%**-ға орындалды.

2022 жылы балық өсіру көлемін ұлғайту индикаторына Қарағанды (*жоспар – 2053 тонна; нақты – 531 тонна*), Атырау (*жоспар – 666; нақты – 281*), Алматы (*жоспар – 8132; нақты – 5295*), Ақтөбе (*жоспар – 1150; нақты – 845*) облыстарында қол жеткізілген жоқ.

Қарағанды облысы бойынша орындалмау Балқаш көлінің кәсіпшілік учаскелерін пайдаланушылардың қаржылық қиындықтарға байланысты бекітілген кәсіпшілік учаскелерінде балық өсіру торларын орнатуға дайын болмауымен байланысты.

Атырау облысы бойынша 2022 жылға арналған болжамның орындалмауы қаржылық қиындықтарға балық өсіру бойынша инвестициялық жобалардың тоқтатылуына байланысты.

Алматы облысының әкімдігі орындамау ірі балық өсіруші шаруашылықтардың бірі («KazOrganicProduct» ЖШС) кларий жайын өсіруден форель өсіруге көшу үшін шаруашылықты қайта құру басталғандығына байланысты екенін хабарлайды. 2021 жылы бұл шаруашылық 4620 тонна балық өсірді, ал 2022 жылы 4620 тоннаның орнына 3100 тонна балық өсірілді.

Ақтөбе облысының әкімдігі балық өсіру көлеміне қол жеткізбеудің себебі қаржылық қиындықтарға байланысты «Мұрагер22» ЖШС балық өндіру жоспарына (*жоспар – 1000 тонна; нақты – 662 тонна*) қол жеткізбеу болып табылатынын хабарлайды.

2020-2022 жылдары бизнес субъектілері балық өсіру жобаларын іске асыру кезінде бірқатар проблемалық мәселелерге тап болғанын айта кету керек, олардың негізгілері:

- инвесторлардың кредиттік шарттарды ресімдеудегі қиындықтары, бұл жобаларды уақтылы қаржыландыруға әсер етті;
- бизнес үшін доллар мен рубль бағамының қолайсыз ауытқуы, соның салдарынан бірқатар жобалар тоқтатылды, бірақ кейіннен жағдай тұрақтады, бірақ уақыт жоғалды;
- келісімшарттар талаптарының қымбаттауы, технологиялық жабдықтар мен өндірістің басқа компоненттерін жеткізу мерзімдерін ұлғайту бөлігінде өзгеруі.

Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсер:

Балық өсіру көлемінің 19119 тоннаға дейін өсуіне ықпал етті. 2021 жылмен салыстырғанда өсірілген балықтың көлемі 4127 тоннаға артық (2021 жылы – 14992 тонна). Бұл ретте, 2020 жылмен салыстырғанда өсірілген балық көлемі шамамен 2 есе өсті (2020 жылы – 9000 тонна).

Мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын көрсету балық шаруашылығы субъектілерін балық шаруашылығын дамытуға ынталандырады және балық өсіруге қызығушылықты арттырады. 2022 жылы балық өсіру бойынша 18 инвестициялық жоба іске асырылды, олардың жалпы қуаттылығы шамамен 7,5

мың тоннаны құрайды және 4,7 млрд.теңге жеке инвестиция тарту, сондай-ақ 150-ге жуық жұмыс орнын құру.

Сонымен қатар, балық өсіруді дамыту табиғи су қоймаларының балық ресурстарына антропогендік жүктемені жеңілдететінін атап өткен жөн.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілген жоқ.

«Тұрақты суарылатын сумен қамтамасыз етілген жерлердің ауданы»
НИ 2022 жылдың қорытындысы бойынша **1758,8 мың га** құрады, жоспар – 1765 мың га (2021ж. – 1678,8 мың га).

«AMANAT» партиясының «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша 2022 жылға арналған жол картасына сәйкес талап етілген **80 мың гектар** суармалы жерді игеру қажет болды. 2022 жылдың басында тұрақты суарудың сумен қамтамасыз етілген жерлерінің ауданы 1678,8 мың га құрады.

2022 жылы тұрақты суарудың сумен қамтамасыз етілген жерлерінің ауданы **80 мың гектарға ұлғайып**, 1758,8 мың гектарды құрады. Жоспардан ауытқу 6,2 мың гектарға (орындау пайызы 99,6% құрайды).

Қол жеткізбеу көрсеткіш өткен жылдарды қоса өсіп келе жатқандығымен негізделген. Мәселен, 2020 жылғы көрсеткішке қол жеткізбеу 2021 және 2022 жылдары осы индикаторға қол жеткізуге кері әсерін тигізді.

Экологиялық және әлеуметтік әсер:

80 мың га қалпына келтіру мультипликативті әсер жасауға мүмкіндік береді:

1) ауылдық жерлерде жұмыс орындарын құру

2) өндірілетін жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін ұлғайту.

Анықтама: Министрліктің құзыреті суармалы суды алқапқа жеткізумен және тасымалдаумен шектеледі. Суармалы жерлерді одан әрі игеру (ауыспалы егісті, өңделетін ауыл шаруашылығы дақылдарын таңдау, суару режимі мен технологиясы және т.б.) 1) жер пайдаланушының өзі (АШТӨ) және 2) ЖАО мен АШМ құзыретінде болады.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілген жоқ.

Шығындар бойынша Республикалық бюджеттің атқарылуы:

Стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізуге 21 бюджеттік бағдарламалар шеңберінде 183 426 689,2 мың теңге көзделген, оның ішінде 183 402 279,6 мың теңгесі немесе жоспарға 100%-ы пайдаланылды. Игерілмеген қаражат сомасы 24 409,6 мың теңгені құрады, оның ішінде 14 729,9 мың теңге - үнемдеу, 9 679,7 мың теңге - өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуына байланысты.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау

әдістемесіне (ҰЭМ-ның 2021ж.25.10. № 93 бұйрығы) сәйкес мемлекеттік органдардың даму жоспарларында макроиндикаторлар қарастырылған.

Министрліктің даму жоспарына 6 макроиндикаторлар енгізілді, 2022 жылға арналған Даму жоспарының орындалу туралы есепті әзірлеу кезінде олардан 2 ғана макроиндикатор бойынша нақты мәліметтер қалыптасытырылған, ал 4-і бойынша 2023 жылғы сәуірден тамызға дейін мерзімде белгілі болады.

Осылайша, өткен жылдың тәжірибесіне сүйене отырып, Даму жоспарына енгізілген макроиндикаторлар мемлекеттік органның тиімділігін **бағалауға ешқандай баға бермейді және әсер етпейді** деген қорытынды жасауға болады.

Сонымен қатар, 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарынан 3 макроиндикатор декомпозицияланған, олардың жоспарлы мәндері және есептеу әдістемесі Министрлікпен **қалыптастырылмайды**.

Алайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – ҰЭМ) 2026-2027 жоспарлы жылдары және аймақтар (жаңа құрылған облыстар) бойынша олардың декомпозициясын (бөлуін) талап етеді.

Осыған орай, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі өзектендіру барысында мемлекеттік органдардың даму жоспарларына **макроиндикаторларды енгізу бойынша талапты алып тастауды** жөн деп санаймыз.

2. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес мемлекеттік органның даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мынадай:

- 1) Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;
- 2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құжаттары қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген;
- 3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымы өзгерген;
- 4) нысаналы индикаторларға қол жеткізуге әсер ететін республикалық бюджеттің параметрлері өзгерген жағдайларда жол беріледі.

Бұл ретте ғалымдардың пікірінің негізінде ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен «*күтім*» балығы Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесінен шығарылып, Балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің тізбесіне енгізілді.

Осылайша 2022 жылға арналған *«Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтау – балықтың 70 түрі, оның ішінде: балық аулау объектілері болып табылатын бағалы түрлер – 51; сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлер – 19»* нысаналы индикатор *«Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтау – балықтың 70 түрі, оның ішінде: балық аулау объектілері болып табылатын бағалы түрлер – 52; сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлер – 18»* өзгерісті талап етті.

Алайда, нысаналы индикатордың жоспарлы мәнін өзгерту Бюджеттік кодексінің жоғарыдағы нормасына байланысты ҰЭМ-мен келісілмеді.

Осыған орай, шешім ҚР Премьер-Министрімен қабылданғанын ескере отырып, **Қазақстан Республикасы Үкіметінің** жаңа **шешімдері** қабылданған не оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда мемлекеттік органдардың даму жоспарларына өзгерістер мен толықтыруларды енгізуіне рұқсат беру бөлігінде Бюджеттік кодекске өзгерістерді енгізу мүмкіндігін қарастыру жөн деп санаймыз.

**Қазақстан
Республикасының Экология
және табиғи ресурстар
министрі**



З. Сүлейменова